

гии и т.д. рассматривались в обычном праве казахов как особо опасные деяния, и наказания по ним уже не имели ничего общего с возмещением вреда по нормам гражданского права». Так, по законам хана Тауке, вошедшим в историю как Жеты жаргы, наиболее тяжкими и опасными преступлениями (өте жаман қылық) являлись убийства и телесные повреждения, особенно посягательства на личность, честь и достоинство ханов, султанов, биев и родовых старшин, а также посягательства, направленные против главы семьи.

Как было отмечено, у народов Казахстана и Средней Азии имели распространение нормы шариата. В соответствии с традиционным для мусульманского права делением правонарушений, они подразделялись на три категории: 1) действия, за которые в Коране предусмотрено наказание «худ»; 2) все насильственные действия против личности, за которые следует наказание «джинаят»; 3) действия, за которые по определению суда налагаются исправительные наказания «таазир».

Классификация преступлений по степени тяжести в российском законодательстве на тяжкие преступления, преступления и проступки; деление преступлений, имевшее место в адате, нормах шариата; деления, имевшие процессуальное значение, сохранялись до октября 1917 г.

Таким образом, в уголовном законодательстве РК необходимо выделить такую категорию, как «уголовный проступок», и использовать дан-

ную категорию при конструировании норм уголовного законодательства, а также при регламентировании установленного только для нее особого процессуального порядка производства расследования и рассмотрения дел в суде и обособленного статистического учета.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Кардаев П.С. Классификация преступлений по степени их тяжести в советском уголовном праве: Дис... канд. юрид.наук. Свердловск, 1977.
2. Таганцев Н.С. Русское уголовное право. СПб., 1902. Т.1.
3. Кузнецова Н.Ф. Преступление и преступность. М., 1969.
4. Ответственность за уголовные проступки и преступления, не представляющие большой общественной опасности. М., 1987.
5. Загородников Н.И., Наумов А.В. Теоретические основы классификации преступлений в уголовном праве// Правоведение. 1983. № 2.
6. Кривоченко Л.Н. Классификация преступлений. Харьков, 1983.
7. Коробов П.В. Дифференциация уголовной ответственности и классификация уголовно наказуемых деяний: Автореф. дис. ...канд. юрид. наук. М., 1983.
8. Учебник уголовного права А.Ф.Бернера/ Перевод и изучение магистра уголовного права Н.Неклюдова. СПб., 1965. Т.1.
9. Спасович В. Учебник уголовного права. СПб., 1963. Т.1.
10. Кистяковский А.Ф. Элементарный учебник общего уголовного права. Часть общая. Киев, 1982.
11. Онгарбаев Е.А. Теоретические проблемы классификации преступлений по уголовному праву Республики Казахстан: Автореф. дис. ...докт. юрид. наук. Караганда, 1998.

Поступила 2.06.2006 г.

М. Р. ӘБСАТТАРОВ

## ЕУРОПАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ ТҮСІНДІРІЛУІ

Алдымен Еуропалық Одақтың құқықтық нормаларын түсіндіру көкейтесті және аз зерттелген тақырып болып табылатындығын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, бұл проблема бір ғана мақалада қамтылуы мүмкін емес, өйткені көптеген мәселелерді қамтиды. Осыған байланысты мен аталмыш проблеманың тек юридикалық әдебиеттерде әлі де зерттелмеген кейбір аспектілеріне ғана көңіл аударғым келіп отыр.

Құқықтық нормалар нақты жағдайларда тікелей қолдану мақсатымен шығарылады және қабылданады. Дегенмен, юридикалық терминдердің жалпы мазмұнын ескере отырып, құқықтық нормалар тікелей қолданылмауы мүмкін және нақты жағдай үшін тікелей қарастырылмауы мүмкін жағдай да туындайды. Құқықтық норма белгілі бір жағдай үшін қолданылатындығына сенімді болу үшін ондағы екі ұштылықты жойып, нормативті-құқықтық акті

мәтінінің түпнұсқа мағынасы мен мазмұнын анықтау қажет. Тұтас алғанда, құқықтық норманы түсіндірудің және оған түсінік берудің мақсаты мынандай – оның мәнін, мазмұны мен қызметін анықтау.

Құқықтық норма мазмұнына түсінік беру мен оны түсіндірудің өзінің арасында соншалықты айырмашылық болмағандықтан түсіндіру мәселесіне ерекше назар аударылады. Сонымен бірге, сот органы түсіндіру техникасы арқылы қандай да бір мөлшерде құқықтық жүйені жөнге келтіре алады. Еуропалық Қауымдастық туралы келісімшарттың 220-бабына сәйкес (Еуропалық Экономикалық қауымдастық жөніндегі келісім шарттың бұрынғы 164-бабы) Еуропалық Қауымдастықтар Соты (бұдан былай – ЕҚ Соты) құрылтайлық келісімдердің бірыңғай түсіндірілуін қамтамасыз етеді [1].

Еуропалық ұлт үстінен жоғары сот инстанциясының түсіндірілуінің әдістерін зерттеудің маңызы зор, өйткені бұл еуропалық құқықтық тәртіптің эволюциясын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мәселе бойынша біраз зерттеулер бар, бірақ олар негізінен түсіндірудің телеологиялық әдісіне арналған. Шындығында, бұл ЕҚ Соты қолданып жүрген әдістердің бірі ғана, бұл әдіс мәтінге, мәтіннің мағына жағынан тиянақты бөлігіне және көзделген мақсатқа тығыз байланысты. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, Еуропалық Сот көбіне грамматикалық түсіндіру әдісіне жүгінеді. Бұған таңқалуға да болмайды, өйткені мұндай гипотезалық тәсіл түсіндіру процесінің бірінші кезеңі болып табылады. Шындығына келгенде, құқық нормаларын түсіндіру ең алдымен, терминологиялық тұрғыдағы түсіндіру сатысынан өтеді. Қарапайым болып көрінетіндігіне қарамастан грамматикалық түсіндіру тек қосымша түсіндіру болып қана табылады. Грамматикалық түсіндіру басқа да түсіндіру әдістері арқылы алынатын жалпы дәлелдемені күшейте түседі.

Грамматикалық түсіндірудің техникасы, бір жағынан лингвистикалық немесе грамматикалық деп аталатын талдаудың, екінші жағынан, «теория тұрғысынан тексерілген» интерпретацияның арасында эволюциялық жолмен біртіндеп дамиды. ЕҚ Соты кәдімгі, лингвистикалық мағынаға сүйенеді: мысалы, «*жабайы құс*» («*дичь*») сөзі әдеттегі мағынасында еркіндікте өмір сүретін және аңшылық тақырыбы болып табылатын жануарларға қолданылады. ЕҚ Соты сонымен бірдей аталмыш әдіс арқылы ұғымды аса бір юридикалық сипатта нақтылай алады: мысалы, *субвенция* ұғымы – бұл кәсіпорындардың қызметіне қолдау жасау үшін ақшалай қаржының немесе мүліктің ұсынылуы, сон-

дай-ақ, кәсіпорын өндіретін немесе көрсететін тауар мен қызмет үшін сатып алушының төлейтін ақшасы [2].

Семантика мен грамматика ақырғы мағынаны және негізі бар ойды анықтауда пайда келтіретіні даусыз. Грамматикалық түсіндіру жүйелік тұрғыдан түсіндірумен жақын тұрған «теориялық тұрғыдан» түсіндіру жағына тайқып шығуы да мүмкін. Мұндай түсіндіру алдын ала анықталған категорияларға сүйену арқылы, қажет болған жағдайда нормаларды теоретикалық тұрғыдан түсінуді де өзінде біріктіре алады. Мысалға алатын болсақ, Еуропалық Экономикалық қауымдастық (бұдан былай – ЕЭҚ) жөніндегі келісім-шарт ауқымында «*регламент*» ұғымын анықтау өз уақытында, сөзсіз аталмыш демаршпен ауыстырылды. Сөйтіп, регламент тікелей ықпалға ие және өзінің табиғатына қарай ұлттық юрисдикциямен және еуропалық құқық көздері жүйесінде өзінің қызметімен қорғалуы тиіс белгілі бір құқық субъектілерінің тобын бөлуге қабілетті. Бұл әдісте үш кезең болды: ЕЭҚ келісім-шартындағы регламенттің сипатын зерттеу, нормалардың концептуалдануы және юридикалық режимді анықтау.

Сонымен қатар грамматикалық түсіндіруге белгілі бір шектеу де қойылады. Сондай шектеулердің бірі классикалық болып табылады, басқалары еуропалық келісімдердің ерекшеліктерімен байланысты. Көп жағдайда туындаған мәселеге байланысты мәтінді талдау тиісті түрде жауап бере алмайтын жағдайлар да кездесіп жатады. Құрылтайлық келісімдерде ақтандақтар да ұшырасуы мүмкін, онда әділ сотты іске асырудан бас тартуды және нәтижесінде туындаған сот жанжалын шешусіз қалдыруға жол бермеуді болдырмау үшін басқа да әдістерді қолдану қажеттігі пайда болады.

ЕҚ-тың заң актілерін редакциялаудың дәл еместігі мәтінді зерттеуге сүйенуге мүмкіндік беруі әбден мүмкін, онда түсіндірудің алғашқы мәліметтері жеткіліксіз болады. Грамматикалық түсіндіруге тән бұл шек қоюлар жекелеген жағдайларда құрылтайлық келісімдердің өзімен және редакциялаудың жетілмеуімен байланысты келеді [3]. Сонымен қатар, ЕҚ-та көптеген ресми тілдердің болуы мәтіндік әдісті пайдалануды шектейтін фактор болып табылады, өйткені, өз кезегінде анық та айқын және бірыңғай түсіндіруді қиындататын әр түрлі тілдердегі мағлұматтарда айырмашылық болуы мүмкін. Сөйтіп, еуропалық институттардың бір шешімі ЕҚ-тың барлық мүше-мемлекеттеріне жіберілген кезде қолдану мен бірыңғай түсіндірудің қажеттілігі мәтіннің басқа лингвистикалық мағлұматтардан жекеленіп қарастыры-

луын болдырмайды, яғни ол басқа тілдердегі мағлұматтарда да зерттелуі тиіс. Онда, Еуропалық сот талдау ауқымын кеңейтуі тиіс және мәтіннің мағына жағынан тиянақты бөлігін ескеруі керек, басқаша айтқанда ол жүйелі түрде түсіндіруге сүйенуі тиіс.

Тұжырымдамалық әдіс біршама қарапайым, ол айқын константадан келіп шығады: кейбір қиындық тудыратын тұжырымдамалар, түсіндірмелер, мәлімдеулер, оларды анықтауға мүмкіндік беретін құқықтық нормалардың жиынтығын оқып-үйрену арқылы айқындалуы мүмкін. Демек, юридикалық контексте сүйену оқшауланған түрде екі ұшты болып қалатын қандай да бір түсінікті айқын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Сот тәжірибесіндегі мәтіндік жіберулердің (жөнелтулердің) маңызын оқып-үйрену даусыз қызығушылық болып табылады және еуропалық құқық нормаларын түсіндіру барысында соттардың күш-жігері қандай бағытқа бағытталғанын анықтауға мүмкіндік береді. Сілтеме белгілі бір бапқа байланысты болуы да мүмкін, мысалы, ЕҚ Сотының Еуропалық Кеңес регламентін түсіндіру барысында жасағаны сияқты: «ЕЭҚ-тың 51-бабын орындауда қабылданған №3 регламентті түсіндіру осы баптың шамасымен және ондағы негізгі принциптерді сақтаумен шектелген болуы тиіс». ЕҚ Соты кейде қандай да бір анықтаманы жасап шығару үшін және оған сәйкес түсініктеме беру үшін бірнеше бапқа сүйене алады және де өздері жасаған «ішкі салық салуды» анықтаудағы: еуропалық юстиция осы түсінікке ЕЭҚ-тың 95-бабының арналғандығын және ол ережелері салық төлеудің мәселелерін қозғайтын сауда айналымындағы салық жөніндегі бірнеше баптармен мақұлдандығын анықтау үшін соған сүйенеді. Сондай-ақ, құрылтайлық келісімдердің тұтас алғандағы тарауына да сілтеме жасалуы ықтимал. Еуропалық Сот көлік саласындағы «салыстырмалы жағдай» деген түсінікті қарастыра отырып, ЕЭҚ-тың көлік жөніндегі келісімінің тарауына арқа сүйейді [4].

ЕҚ сол сияқты біршама нақтыланған мәтіндердің шегінен шығып кетуі де мүмкін, сөйтіп, ЕЭҚ келісім-шартының 2 және 3-баптарының жалпы ережелері мен жалпы сипатына сүйенуі мүмкін (ЕҚ-тың қазіргі 2-3-баптары). Алайда, аталмыш баптардың мазмұнының жалпы сипаты түсіндіруді тек соларға ғана негіздеуге мүмкіндік бермейді. Демек, бұндай түсіндіру көбіне тек қосымша ретінде болуы мүмкін. Бұл әдіс, қандай жағдайда болмасын, контекстуалдық талдаудың сипатының екі ұштылығын дәлелдейді, сөйтіп, ең ақырында түсіндірудің телеологиялық әдісінің элементтерінен тұрады. Жіберілетін мәтіндерді нақтылау немесе олардың

жалпы мазмұны құқықтық нормалардың табиғатын түсінуге және оның түп-тамырын анықтауға мүмкіндік береді.

Контекстуалдық талдау көбіне шынайы мәнге тең түрде біріге алатын, өздері соған сүйенетін сілтемеге тартылады. Сонымен бірге жалпы және барлығын қамтитын жүйелілік берік болып табылмайды, олар көлемі және маңыздылығы бойынша әртүрлі ағымдар мен шағын топтарға бөлінуі мүмкін. Сондықтан, мұнда диверсиялылық олардың ешқандай да қисынсыздығын білдірмейді, керісінше, жүйенің әр түрлі құрамдас бөліктері бірі екіншісіне қосылған және сонысымен де еуропалық нормалардың тұтастығының және өзара байланыстылығының жиынтығын құрайды. Жүйелілік ұғымына сүйену ЕҚ Сотына түпнұсқа шешімдердің белгілі бір санын айқындауға мүмкіндік берді және оны түсіндірудің техникасына ықпалын тигізді.

Мысалы, Еуропалық Парламенттің талапкердің (сотқа арыз берушілердің) қасиетін мойындау мүмкіндігі жөніндегі мәселеде, ол алдымен құрылтайлық келісімдерде қарастырылған институционалдық тепе-теңдікке назар аударды. ЕҚ Сотының пікірі бойынша, құрылтайлық келісімдерде Еуропарламент қарастыратын күшін жою жөніндегі арызбен өтініш беру құқығы нормаларының болмауы құқықтың іс жүргізушілік ақтаңдақты тудыруы мүмкін, ол басты мүдде – Еуропалық Қауымдастық жөнінде құрылтайлық келісімдер анықтаған – институционалдық тепе-теңдікті қолдау мен сақтаудан басым түспеуі тиіс. Нәтижесінде ЕҚ Соты Еуропарламенттің Еуропалық Кеңес пен Еурокомиссияның актілерінің күшін жою жөніндегі арызбен өтініш беруге құқығы бар деген тұжырым жасады, егер арыздың мақсаты Еуропалық парламенттің прерогативаларын сақтау, ал оның негіздемесі осы прерогативаларды бұзу болып табылса. Баяндалғандарды ескере отырып, Еуропарламенттің күшін жою туралы арызына қатысты алғанда, сондай-ақ басқа да еуропалық институттардың сол тәрізді арыздарына қатысты алғанда да іс жүргізушілік сияқты ережелер қолдануы тиіс екендігі туралы шешім қабылданды [5].

ЕҚ Соты негізгі келісімдер субъектілер арасында қолданылатын өзара міндеткерліктерді жасаумен шектелмейді деп топшылайды, сондай-ақ, көрсетілген субъектілердің өкілеттіктерін, құқықтарын және міндеттерін реттейтін жаңа құқықтық тәртіпті белгілемейді. Халықаралық құқықтың жаңа құқықтық тәртібін субъектілері болып табылатындар тек мүше-мемлекеттер ғана емес, сонымен бірге олардың пайдасына қарай мемлекет кейбір қызмет салаларында өзінің суверенитетін шектеген олардың

азаматтары да болып табылады. Қауымдастық жасаған құқықтық тәртіп автономиялы болып табылады, әсіресе, ұлттық құқықтық тәртіптерге қатысты алғанда. Осылайша, еуропалық заң мүше-мемлекеттердің өкілеттілігін мойындаған кезде және еуропалық құқықты қолдану мақсатында оларға міндеткерлік жүктеген кезде өкілеттіліктердің іске асырылуы мен осы міндеткерліктердің орындалуы қалайша әрбір мемлекеттің конституциялық жүйесін басқаруға жатады, соны анықтап алу қажет. Сөйтіп, ақырында еуропалық құқықтық тәртіп юридикалық тұрғыдан бекітілді, өйткені құрылтайлық келісімдер кез келген заң бұзушылыққа қатысты алғанда жазалау шарларын белгілеу мен қолдану үшін қажетті процедураларды реттейтін жаңа құқықтық тәртіп жасады [6]. Түсіндірудің бұл техникасы көп сатылы түсініктерде орын алған, ол өзара тығыз байланысқан көптеген құрамдас бөліктерден тұрады және әртүрлі құрылымдар арқылы афинажалуы мүмкін.

Әдістің ерекше пұрсатты түрі – бұл телеологиялық түсіндіру. Телеологиялық талдау құрылтайлық келісімдердің басты, негізгі және іргелі мақсаттарын түсіндірудің принципі сияқты бекітулерден тұрады. Демек, норма тіпті ол екі ұшты болса да, егер ол жобаланған негізгі мақсат тұрғысынан қаралатын болса, онда ол нақты және айқын мағынаға және түрге ие бола алады. Кейде оның өзіне тән динамизмі бар түсіндірудің осы әдісін пайдалану кей кезде біршама сын туындатады. Егер түсіндіру бойынша өкілеттілікті, тіпті қандай да бір мөлшерде билікті күшейтуге мүмкіндік беретін болса, ол сынға ұшырайды.

Еуропалық құқықта түсіндірудің бұл әдісі аса қатты сынға алынды, өйткені осы жағдайда ЕҚ Соты тарапынан мүше-мемлекеттердің ұсыныс білдіруін жеке бағалаумен және құрылтайлық келісімдердің ережелерін түсінушілікпен ауыстыра отырып өзінің юрисдикциялық өкілеттілігін арттыру мүмкіндігі бар. Дегенмен, қазіргі уақытта түсіндірудің осы әдісін пайдаланудың мақсатқа сәйкестілігі жөнінде пікірталас пен сөз таластыру саябырлады. Телеологиялық түсіндіру ең алдымен Қауымдастықтардың құрылтайлық келісімдеріне тән бірден-бір икемді құрал болып табылады. ЕҚ-ның құқық саласындағы мамандарының бірі П.Пескатордың атап көрсеткеніндей, Қауымдастықтардың құрылтайлық келісімдері толығымен телеологиялық түсіндіруге бейімделген, өйткені олар қол жеткізілетін мақсаттар ұғымына негізделген [7].

Жалпы алғанда, бұл мақсаттарды, жалпы ры-

нокты жүзеге асыру мен құруды қорытуға болады, бұл юридикалық немесе құқықтық түсініктерге қарағанда неғұрлым интуитивтік ұғым. Жалпы рынок, өз кезегінде төмендегідей неғұрлым айқын мақсаттарды қамтиды: ЕЭҚ-тың 9-бабына сәйкес (ЕЭҚ-ның қазіргі 23-бабы) Қауымдастықтың негізі болып табылатын кедендік одақ құру, ол шеткері шаралар арқылы толық экономикалық одақ көлеміне дейін кеңеюге бейім. Сондай-ақ, осы экономикалық, қаржылық және техникалық сипаттағы нақты мақсаттың артында түпкі мақсаты – саяси одақ тұрғандығы белгілі. Нақ осы түпкі мақсат, онша нақты болмаса да, сонымен бір мезгілде тым екі ұшты бола отырып тек Қауымдастықтардың ұйымдастырушыларының ниеттерінде болып қана қоймай, сондай-ақ келісім-шарттардың преамбуласында арқау болды және оны мүше-мемлекеттердің саяси қайраткерлері бірнеше рет атап көрсетті [8]. Демек, әдеттегі қабылданған пікірге қарағанда, телеологиялық әдісті көптеген әдістердің жай ғана бірі ретінде ұсынуға болмайды, керісінше бұл жерде әңгіме тек Қауымдастықтарға тән түсіндіру әдісі жөнінде және солардың ерекшеліктері жөнінде болып отыр. Аталмыш әдістің Еуропалық сот тәжірибе толыққан өзінің маңыздылығы белгілі сот шешімдеріне дем бергендігі әбден қисынды. Тематикалық іздену, жоғарыда атап көрсетілгеніндей, көбінесе төрт мақсат Қауымдастықтардың жалпы мақсаттарының негізін қорытады. Алайда, олар бір-бірінен оқшауланған түрде қарастырылмауы тиіс, керісінше жинақталған түрде, яғни олардың әрқайсысы белгілі бір құқықтық қатынастарды реттей отырып, өзара бірін-бірі толықтырып, күшейтіп және өзара бірін-бірі нақты мағынамен және мазмұнмен толықтыратын жинақы түрде қарастырылуы тиіс.

Мысал ретінде көбіне жағымсыз формадағы – «дискриминация емес» түрінде берілген және нақтыланған еуропалық құқық шеңберіндегі теңдік принципін келтіруге болады. Қауымдастықтардың ұйымдастырушыларының ықылас-тілегі режимдердің шынайы және түпнұсқа теңдігінің көмегінде болды, ол ұлттың белгілері бойынша дискриминацияның кез келген түріне қарсы жаза қолдану мен батыл түрде бетіне басуды білдіреді. Осылайша ішкі салық салу саласында ЕҚ Соты мүше-мемлекеттердің ұлттық заңына қатысты алғандағы Қауымдастық келімсектерінің теңдігі жалпы рыноктың қажетті және шүбәсіз негізін белгілейді деген шешімге келді. Бұл мәселеге сондай-ақ, әлеуметтік қорғау саласындағы ЕҚ Сотының шешімдерінің бірі арналған, онда айқын түрде байқалатын дискрими-

нацияға, сондай-ақ жасырын түрдегі дискриминацияға жол бермеудің маңыздылығы бірнеше рет және айқын атап көрсетілген [9].

Сонымен қатар бостандық принципі негізгі және іргелі төрт бостандықтың жалпы қорытындысы болып табылады. Олар: *тауар, адам, қызмет және капитал* қозғалысының бостандығы. Әсіресе, тауар қозғалысының еркіндігі баж салығы (сипаты бойынша баж салығына ұқсас төлем-ақы өндіру) көздейтін кедендік ақшаға тыйым салумен қамтамасыз етілген болуы тиіс. Мұнда ЕҚ Соты осы ақшалар мен төлемақылардың дискриминациялық немесе қорғаушылық сипаты бар ма, сол сияқты маңызды емес фактыға көңіл аударады. Қауымдастыққа мүше-мемлекеттер арасында шекараны кесіп өткені үшін өндірілетін кез келген төлемақы, тіпті аз ғана мөлшерде болсын, еркін тауар қозғалысына кедергі ретінде қарастырылуы тиіс [10].

Ынтымақтастық принципі, өз кезегінде әсіресе еуропалық преференция идеясына дем береді, яғни мүше-мемлекеттер Қауымдастық шеңберінде өзара экономикалық қатынастар деңгейін көтеруі тиіс, оның интенсификациясы олардың мүдделерін үшінші елмен экономикалық байланыс жасаудан айырады [11]. Осымен бірге, еуропалық құқық саласындағы бірлік принципі неғұрлым үлкен және көп аспектілі тақырып болып саналады. ЕҚ Соты бұл принципті тек рынок бірлігі сияқты экономикалық перспективада ғана емес, сондай-ақ құқықтық бірлік ретінде де қабылдайды, ал экономикалық және құқықтық идеялар жағдайында Еуропаның саяси бірлігі – келесі перспектива көрінісі байқалады. Нақ осы контексте, әрбір ретте ЕҚ Сотының құқықтық тәжірибесінде пайда болуына қарай бірлік ұғымына орын берілуі қажет.

Сөйтіп, өзінде мүше-мемлекеттердің ұлттық құқықтық дәстүрлерінің элементтерін біріктірген Қауымдастықтың құрылтайлық келісімдерінен басқа ықпал етудің өзге де түрлері бар екендігін атап көрсетуге болады. Ықпал етудің түрлерінің бірі талап арыздар болып табылады, олар арқылы еуропалық құқықтық нормаларға түсініктеме беріледі. Бұл жағдайда – еуропалық заң нормаларының мағынасын ашу барысында ЕҚ Соты ЕҚ мемлекеттерінде әрекет етіп тұрған әр түрлі құқықтық тәсілдер мен әдістердің «торабында» болады деп ойлаймын. Түсіндіру әдістеріне қатысты алғанда, еуропалық юрисдикция әр ретте ЕҚ заңында пайда болатын ақтаңдақтардың ерекшелігін ескере отырып, грамматикалық, жүйелік және телеологиялық әдістерді қиыстырады. Сонымен қатар ықпал ету екі жақты сипатта болады, яғни ұлттық және

еуропалық өзара ықпал ету: егер Қауымдастықтардың қызмет етуінің бастапқы кезеңінде еуропалық құқық көбіне ұлттық құқықтың ықпалында болған болса, ал кейінірек оған кері жағдай байқалып отыр.

ЕҚ Соты, егер ЕҚ-тың құрылтайлық келісімдерінің ережелері мен басқа да нормативті-құқықтық актілерді түсіндірудегі оның шешуші рөлін есепке алатын болсақ, құрылғаннан кейін еуропалық құқықтық нормаларды бірыңғай түсіндіру мен сәйкес қолдану механизмінен сапа жағынан алғанда негізгі буынның бірі ретінде мойындауға қол жеткізді. Еуропалық заң шығарушылық қызметтегі сот инстанциясының белсенді қатысуы мынадан көрінеді: шешім шығара отырып ЕҚ Соты бір мезгілде еуропалық заңдардың толық көлемі мен мәнін ашады. Бұл өз кезегінде ЕҚ деңгейіндегі құқықтық ақтаңдақтардың орнын толтыруға және интеграциялық процестерді жүзеге асырудағы туындаған бірқатар қиындықтарды жоюға мүмкіндік берді.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Les traités de Rome, Maastricht et Amsterdam. Textes comparés. Paris, 1999. P.167.
2. CJCE 3 février 1961, De Gezamenlijke Steenkolenmijnen in Limburg, aff. 30 / 59, Rec.1.
3. Шеленкова Н.Б. Европейская интеграция: политика и право. М.: НИМП, 2003. С.273-278.
4. CJCE 7 mai 1959, Caisse regionale de Sécurité sociale du nord de la France, aff. 28/68, Rec.367; CJCE 4 avril 1968, Firma August Stier, aff. 31/67, Rec.347; CJCE 10 mai 1960, Barbara Ertzbergbau AG, aff. Jtes 3/58 a 18/58, 25/58 et 26/58, Rec.367.
5. См.: Абсамтаров М.Р. Некоторые аспекты судебного порядка аннулирования актов органов Европейского Сообщества // Вестник НАН РК. 2006. №2. С.88-89.
6. CJCE 5 février 1963, Van Gend en Loos, aff. 26/62, Rec.3; CJCE 26 mars 1976, Commission CEE c. Republique italienne, aff. 52/75, Rec.277.
7. *Pescator P. P.* Les objectifs de la Communauté européenne comme principe d'interprétation dans la jurisprudence de la Cour de la Justice // Miscellanea W.J.Ganshof Van Meersch. Paris, 1972. T.2. P.325-363.
8. *Philip Ch.* La constitution européenne. Paris, 2004. P.7-15.
9. CJCE 16 juin 1966, Lüticke, aff. 57/65, Rec.XII.293; CJCE 12 février 1974, Giovanni Maria Sotgiu, aff. 152/73, Rec.153.
10. CJCE 1<sup>er</sup> juillet 1969, Commission CEE c. République italienne, aff. 24/68, Rec.193.
11. CJCE 4 juillet 1963, République federale d'Allemagne c. Commission, aff. 24/62, Rec.IX.141.

#### Резюме

Рассматриваются актуальные вопросы толкования правовых норм европейских сообществ, которые недостаточно

исследованы в международном праве.

### Summary

The actual questions of interpretation of the rules of law of the European communities which are insufficiently investigated in international law are considered in the article.

*Поступила 2.06.2006 г.*

*Т. М. МЕНКЕШЕВА*

## **СОДЕРЖАНИЕ ОПЫТНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ ПО ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ШКОЛЬНИКОВ**

Проблема формирования музыкальной культуры как базового профессионально значимого качества непосредственно связана с определением наличия этого качества у студентов и учителей, работающих в школе. В связи с этим необходимо обосновать методику выявления на основе разработанной модели профессионально значимых качеств.

Особенностью музыкальной культуры как базового профессионально значимого качества учителя является то, что она целостно выражает свою сущность во взаимоотношениях учителей со школьниками, фактически являясь критериальным показателем плодотворности взаимодействия участников педагогического процесса. Вместе с тем музыкальная культура, будучи стержневым качеством учителя, целостно отражает особенности взаимосвязи других самостоятельных профессионально значимых качеств.

Для того чтобы представить реальную картину, мы решили выяснить состояние профессионально значимых качеств в практической деятельности учителя. Изучение в условиях практики было исходным для сравнения реального и идеального состояния профессионально значи-

мых качеств и определения в них музыкальной культуры как ведущего качества, которое служит основой методики.

Подготовке опытной работы со студентами предшествовала проверка наличия данных критериев и показателей у учителей школ. С этой целью нами было проведено обследование учителей разных специальностей школ г. Актобе. Совокупность обследованных учителей составила 126 человек. При этом мы исходили из предположения, что вуз должен научить учителя формировать музыкальную культуру школьников в процессе обучения.

Анализ опыта работы, беседы, изучение планов, программ, школьной документации учителей, применение количественных методов (рейтинг, само- и взаимооценка, ранжирование, шкалирование и др.) показывают, что только 19,6% опрошенных учителей имеют достаточный уровень знаний, умений и навыков по формированию музыкальной культуры школьников. Их отличают такие качества, как любовь к детям, справедливость, доброта, высокая эрудиция, убежденность и направленность, педагогический такт и организаторские способности.